

СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қосымбайқызы Айғаным

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының I курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.

Аңдатпа. Мақалада этномәдени құндылықтар негізінде педагогикалық колледж студенттерінің ұлттық санасын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Ұлттық мәдени мұра, салт-дәстүр, тіл және рухани құндылықтардың болашақ педагог тұлғасын тәрбиелеудегі рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: этномәдени құндылықтар, ұлттық сана, педагогикалық білім, рухани тәрбие, ұлттық мәдениет.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту – маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе, болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың ұлттық санасын қалыптастыру ерекше мәнге ие. Педагогикалық колледж студенттері – келешек ұрпақты тәрбиелейтін тұлғалар болғандықтан, олардың бойында этномәдени құндылықтарды қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Ұлттық болмысты сақтау, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру – маңызды әлеуметтік-мәдени міндеттердің бірі. Әсіресе, студент жастардың ұлттық санасын қалыптастыру – елдің болашағына тікелей әсер ететін өзекті мәселе. Осы тұрғыда этномәдени құндылықтардың рөлі ерекше. Өйткені этномәдени құндылықтар – халықтың тарихи тәжірибесі, рухани байлығы, дүниетанымы мен салт-дәстүрінің жиынтығы.

Этномәдени құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи даму барысында қалыптасқан рухани және материалдық мұраларының жиынтығы. Оларға тіл, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, ұлттық киім, тағам мәдениеті жатады. Бұл құндылықтар ұлттық сананың қалыптасуының негізі болып табылады. Мысалы, қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттері – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар. Осындай қасиеттерді студенттердің бойына сіңіру олардың адамгершілік және ұлттық санасының дамуына ықпал етеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрі: бала тәрбиесі, тұрмыс-салт, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүр болып үш топқа бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыпқа баланың дүниеге келген күнінен бастап жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке бөлеу, қырқынан шығару, тілін дамыту, сүндет тойы т.б.) бастап, қыз бала мен ұл баланы болашақ отбасын құруға, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді. Ал тұрмыс-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үй оның жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, аңшылық, балықшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері жатады.

Қазақ халқындағы «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ата-бабаларымыз ұлдарын өздеріндей еңбексүйгіш, малсақ, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі сияқты қазақтың қанынан сіңген кәсіптің біріне тәрбиелеуді мақсат еткен. Ал қыздарын отбасының ұйытқысы ретінде үй жиһаздарын, теріден істелетін ыдыстар, киіз үй бұйымдарын жасауға қол өнерге, ісмерлікке баулыған.

Ұлттық тәрбиенің өзегі отбасы, маңызды бөлігі-халық тарихы мен мәдени ескерткіштер саналады. Бұл ретте де көптеген рухани жұмыстар кезегін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде-мәдениетті азаматтың иек артар рухани қазынасы. Өзінің тегін білуге, ұлттық ерекшелік негізіне арқа сүйеуге тиіс. Оның адамгершілік, өнегелілік, тәрбиесі қазіргі дәуірдің -жалпы қазақстандық шаңырақтың мұраттарына сәйкестенуі қажет. Білім беру жүйесіндегі ұлттық және азаматтық қазыналар мыналар:

-жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілікпен имандылық өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін қажет жағдайлар жасау;

-қоғамның және мемлекеттің алдындағы және құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді, сондай-ақ, республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысуы.

Халықтық тәрбиенің арқауы, ұлттық тәрбиенің негізгі-ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлерге ерекше мән берген. Жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиесі орасан зор. Салт-дәстүр халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, алыптасып, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, өзгеріп отырады. Ұлттық мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті азамат тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. Қай кезеңде болсын адамзат алдында тұрған мұрат-міндеттердің ең бастысы, өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

Білімді жан-жақты қабілетті азамат етіп өсірудегі халық қолөнерінің тәлім-тәрбиелік білім-танымдық ролі орасан зор. Жас ұрпақ-біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, болашағы.

Педагогикалық колледж студенттерінің ұлттық санасын қалыптастыруда оқу-тәрбие процесінде этномәдени мазмұнды енгізудің маңызы зор. Атап айтқанда, оқу бағдарламаларына ұлттық мәдениетке қатысты пәндерді енгізу, халық педагогикасы элементтерін пайдалану, дәстүрлі мерекелер мен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Ұлттық сана – адамның өз ұлтына деген құрметі, мақтанышы және жауапкершілік сезімі. Ол студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, кәсіби қызметінде ұлттық құндылықтарды қолдануға мүмкіндік береді. Болашақ педагог ұлттық мәдениетті терең меңгерсе, ол оны оқушыларға да тиімді жеткізе алады. Ұлттық сана – адамның өз ұлтына деген қатынасын, тілін, мәдениетін, тарихын, дәстүрін құрметтеуін білдіретін күрделі ұғым. Ол тек білім арқылы ғана емес, рухани-мәдени тәрбие арқылы қалыптасады. Ал этномәдени құндылықтар осы үдерістің негізгі өзегі болып табылады. Олар арқылы студенттер өз халқының ерекшелігін түсініп, ұлттық бірегейлігін сезінеді.

Этномәдени құндылықтардың маңызды аспектілерінің бірі – тіл. Ана тілі – ұлттық сананың негізі. Тіл арқылы халықтың дүниетанымы, ойлау жүйесі, рухани құндылықтары беріледі. Сондықтан студенттердің мемлекеттік тілді құрметтеуі, оны еркін меңгеруі – ұлттық сананың қалыптасуының басты көрсеткіші.

Сонымен қатар, ұлттық өнердің де ролі зор. Қазақтың күй өнері, дәстүрлі әндері, қолөнері студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастырып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, домбыра тарту, халық әндерін орындау, ұлттық қолөнермен айналысу – тек шығармашылық қабілетті дамытып қана қоймай, ұлттық рухты нығайтады.

Жаһандану үдерісі бір жағынан мәдени алмасуды күшейтсе, екінші жағынан ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупін тудырады. Батыс мәдениетінің ықпалы, ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың дүниетанымына әсер етуде. Осындай жағдайда этномәдени құндылықтарды сақтау және насихаттау – ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Студенттердің ұлттық санасын қалыптастыруда отбасының, білім беру мекемелерінің және қоғамның ролі зор. Отбасында берілген тәрбие, ұлттық дәстүрлерді сақтау, үлкендердің

өнегесі – ұлттық сананың негізін қалайды. Ал оқу орындары осы тәрбиені жүйелі түрде дамытып, тереңдетуі қажет.

Қазіргі таңда цифрлық технологияларды пайдалану арқылы этномәдени құндылықтарды насихаттаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болды. Әлеуметтік желілер, онлайн платформалар арқылы ұлттық мәдениетті таныстыру, тарихи деректерді тарату, ұлттық өнерді дәріптеу – жастардың қызығушылығын арттырудың тиімді тәсілдері болып отыр. Цифрлық технологиялар арқылы этномәдени құндылықтарды насихаттаудың бірнеше тиімді жолдары бар.

Біріншіден, әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды қолдану. Бүгінгі таңда жастар Instagram, TikTok, YouTube сияқты платформаларды белсенді пайдаланады. Осы платформаларда ұлттық дәстүрлер, халық әндері, салт-жоралар, тарихи деректер туралы қысқа әрі мазмұнды бейнероликтер жариялау арқылы ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға болады.

Екіншіден, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту. Онлайн курстар, электронды кітаптар, мультимедиялық оқулықтар арқылы этномәдени білімді кеңінен таратуға мүмкіндік бар. Мысалы, қазақ халқының тарихы, әдебиеті, өнері туралы интерактивті сабақтар студенттердің білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін нығайтады.

Үшіншіден, виртуалды музейлер мен 3D турлар жасау. Бұл технологиялар арқылы тарихи ескерткіштерді, ұлттық өнер туындыларын, музей экспозицияларын онлайн форматта көруге болады. Мұндай жобалар әсіресе шалғай аймақтардағы жастар үшін өте қолжетімді әрі қызықты.

Төртіншіден, мобильді қосымшалар арқылы насихаттау. Арнайы әзірленген қосымшаларда ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, салт-дәстүрлер туралы мәліметтер берілуі мүмкін. Бұл тәсіл жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, ұлттық құндылықтарды ойын арқылы меңгеруіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, цифрлық сандық әңгімелеу әдісі де тиімді құралдардың бірі. Бұл әдіс арқылы тарихи оқиғалар мен аңыздарды заманауи форматта, визуалды және дыбыстық эффектілер арқылы ұсынуға болады. Мұндай тәсіл ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, эмоционалдық әсерін күшейтеді.

Цифрлық технологияларды қолданудың тағы бір маңызды бағыты – ұлттық тілдің дамуын қолдау. Онлайн сөздіктер, тіл үйрету платформалары, аудио және бейне материалдар арқылы жастардың ана тілін меңгеруіне мүмкіндік кеңейеді. Бұл өз кезегінде ұлттық сананың қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Дегенмен, цифрлық технологияларды пайдалануда белгілі бір қиындықтар да бар. Ақпараттың сапасын бақылау, ұлттық мазмұнның бұрмаланбауын қамтамасыз ету, жастардың назарын сапалы контентке аудару – маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан бұл бағытта мамандардың, педагогтардың және мәдениет қайраткерлерінің бірлескен жұмысы қажет.

Цифрлық технологиялар – этномәдени құндылықтарды сақтаудың және насихаттаудың тиімді әрі заманауи құралы. Олар ұлттық мұраны жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік беріп, жастардың қызығушылығын арттырады. Сондықтан цифрлық кеңістікте сапалы ұлттық контентті дамыту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Білім беру жүйесінде этномәдени құндылықтарды енгізу – маңызды бағыттардың бірі. Ұлттық тарих, мәдениет, әдебиет пәндерін оқыту арқылы студенттердің ұлттық дүниетанымы кеңейеді. Сонымен қатар, тәрбие жұмыстары барысында ұлттық мерекелерді атап өту, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, халық өнерін насихаттау – ұлттық сананы қалыптастырудың тиімді жолдары.

Этномәдени құндылықтардың құрылымы:

-Танымдық компонент – студенттің ұлттық тарих, мәдениет, дәстүр туралы білім деңгейі.

-Эмоционалдық компонент – өз ұлтына деген мақтаныш, құрмет сезімі.

-Мінез-құлықтық компонент – ұлттық құндылықтарды іс-әрекетінде қолдана білу.

Ұлттық сананың қалыптасу кезеңдері:

1. Ақпараттық кезең (білім алу).
2. Қабылдау кезеңі (құндылықтарды түсіну).
3. Ішкі қажеттілікке айналдыру.
4. Іс-тәжірибеде қолдану.

Педагогикалық колледж студенттеріне тәрбие сағаттарын өткізуге болады.

1. Тәрбие сағаттарының тақырыптары:

- «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы».
- «Салт-дәстүр – асыл мұра».
- «Ұлттық тәрбие – ұрпақ болашағы».

2. Жобалық жұмыстар:

- «Менің отбасымдағы дәстүрлер» .
- «Қазақтың ұлттық тағамдары».
- «Ұлттық киімдердің тәрбиелік мәні».

3. Интерактивті әдістер:

- «Миға шабуыл».
- «Дебат» (ұлттық тәрбие vs заманауи тәрбие).
- «Case-study» (тәрбиелік жағдайларды талдау).

Студенттердің ұлттық санасының деңгейін анықтау үшін:

Сауалнама сұрақтарының үлгісі:

1. Сіз ұлттық салт-дәстүрлерді қаншалықты білесіз?
2. Ұлттық құндылықтарды болашақ мамандығыңызда қолданасыз ба?
3. Сіз үшін «ұлттық сана» ұғымы нені білдіреді?

Бағалау деңгейлері:

- Жоғары деңгей – белсенді қолданады, терең түсінеді
- Орта деңгей – біледі, бірақ тұрақты қолданбайды.
- Төмен деңгей – қызығушылығы төмен.

Сонымен қатар:

- Этномәдени құндылықтарды цифрлық технологиялармен ұштастыру (видео, подкаст, онлайн жобалар)

-Студенттердің ұлттық санасын қалыптастырудың авторлық моделін ұсыну.

-Колледж жағдайында этнопедагогикалық орта құру.

Этномәдени тәрбие беру барысында келесі әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- халықтық салт-дәстүрлерді тәжірибе жүзінде көрсету;
- ұлттық ойындарды ұйымдастыру;
- мәдени-танымдық экскурсиялар өткізу;
- шығармашылық жобалар дайындау;
- фольклорлық материалдарды пайдалану.

Бұл жұмыстар студенттердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық болмысын нығайтады, рухани құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастырады.

Қорытынды

Этномәдени құндылықтар негізінде педагогикалық колледж студенттерінің ұлттық санасын қалыптастыру – үздіксіз әрі жүйелі жүргізілетін процесс. Ол болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Этномәдени құндылықтар – студенттердің ұлттық санасын қалыптастырудың басты негізі. Олар жастардың рухани дамуына, ұлттық бірегейлігінің сақталуына және қоғамдағы белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан этномәдени мұраны сақтау, оны білім беру жүйесіне енгізу және кеңінен насихаттау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Этномәдени тәрбие – тек өткенді насихаттау емес, ол ұлттық құндылықтарды қазіргі заманмен үйлестіре отырып, болашақ ұрпақтың санасына сіңіру процесі. Болашақ педагог осы бағытта жұмыс істегенде ғана ұлттық рухы жоғары, саналы ұрпақ тәрбиелей алады. Білім беру ұйымдарында этномәдени бағыттағы тәрбиелік жұмыстарды күшейту қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балтабаев М.Х. Педагогикалық мәдениеттану. – Алматы: Ұмай, 2003.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (оқу құралы).
- Алматы: Рауан, 1998.
3. Дүйсембінова Р.К. Оқушыларды қазақтың ұлттық ән-күй шығармашылығының құралдарымен музыкалық-эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу. Пед. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 1992.
4. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы: Білім, 1990.